

## Шағын кәсіпкерліктің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 499 Қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың атаулылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы саладағы қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Орталық, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да ұйымдарға шағын кәсіпкерлік жөніндегі қатынастарды реттеу кезінде салаларда жұмыс істеушілердің мына санын негізге алу ұсынылсын:

өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы	- 50 адамға дейін;
сауда және тұрмыстық қызмет көрсету	- 30 адамға дейін;
көлік және байланыс	- 25 адамға дейін;
ғылым және инновациялық қызмет	- 20 адамға дейін;
басқаларында (ойын және шоу-бизнестен басқасы)	- 15 адамға дейін

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*